

"Сарқан ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы" 2015 жылғы 12 ақпанда №50-257 Сарқан аудандық мәслихатының шешімін күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 қыркүйектегі № 11-47 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 27 қыркүйекте № 62-19 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Сарқан ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы" 2015 жылғы 12 ақпанда № 50-257 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3087 тіркелген) Сарқан аудандық мәслихатының шешімін күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы

М. Разбеков